



**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС КАЗАХСТАН МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»КеАҚ**

**НЕВРОЛОГИЯ, ПСИХИАТРИЯ ЖӘНЕ НАРКОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫНЫҢ  
ПСИХИАТРИЯ ЖӘНЕ НАРКОЛОГИЯ КУРСЫ  
7R01113 - Психиатрия(ересек және балалардағы)  
мамандығы бойынша резидентура**



Психиатрия және наркология курсының базасы «Ақтөбе облыстық психикалық денсаулық орталығында» ШЖҚ МКК Жаңақоныс ауылы, Жаңақоныс тұрғын үй ауданы, № 4Б. мекенжайында және Ақтөбе қаласындағы емханаларда орналасқан. АОПДО – Ақтөбе қаласы мен Ақтөбе облысындағы квалификацияланған және жоғары мамандандырылған стационарлық көмек көрсететін көпбейінді емдеу-профилактикалық мекеме, онда психиатриялық бөлімшеде 280 және наркологиялық бөлімшеде 100 төсек орны бар.

**Психиатрия және наркология курсы** Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Медициналық Университетінің құрылымдық бөлігі болып табылады, пән бойынша оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, емдеу және кеңес беру қызметтері, білім алушылар арасында тәрбиелік жұмыстар жүргізу, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау, педагогикалық кадрлардың және басқа да қызметтердің біліктілігін арттыру жұмыстарын атқарады.

Психиатрия және наркология курсы бастапқы мамандандырылған резидентураны аккредиттеу шеңберінде өзін-өзі бағалаудан сәтті өтті.

Қазіргі таңда курста қызмет атқарып жатқандар:

Павленко Валерий Петрович – курс бойынша жауапты

Хамитова Жанар Муратовна – курс доценті

Ахметова Светлана Ахантаевна - курс ассистенті

Сабыр Лаура Мендыбаевна – курс ассистенті

Зайнуллин Станислав Владимирович – курс ассистенті



Біздің барлық оқытушылар психикалық денсаулықты сақтау бойынша сертифицирланған мамандар болып табылады.

- \* 2019жылдан бастап психиатрия және наркология курсы 7R01113 – «Психиатрия (ересек және балалардағы)» пәні бойынша екі жылдық бағдарламамен резиденттерді оқыта бастады. Оқыту басталған сәттен бері бітірген түлектер саны 39 резидентке жетті, барлық түлектер сұранысқа ие мамандар болып табылады және олар Қазақстан Республикасының әр түрлі қалаларында(Ақтөбе, Орал, Атырау, Ақтау, Қызылорда) қызмет етіп жатыр.
- \* Қазіргі таңда курста 1-ші және 2-ші оқу жылдарының 21 резиденті білім алуда.
- \* Оқу барысында резиденттер психикалық және нашақорлық бұзылыстары бар және күйзеліспен және соматоформалық бұзылыстармен байланысты бұзылыстары бар әртүрлі жастағы науқастардың этиологиясы, патогенезі, профилактикасы, диагностикасы, дифференциалды диагностикасы, емдеуі, реабилитациясы және психиатрия мен наркологиядағы шұғыл жағдайларда жедел медициналық көмек көрсетудің жалпы мәселелері бойынша білім, біліктілік дағдыларын қалыптастырады.

Курс резиденттері білім алу барысында АОПДО-да науқастарды бақылайды, кеңес береді және түнгі кезекшіліктерге, бес минуттық жиналыстарға, стационарлық жиналыстар мен конференцияларға, қаланың әртүрлі оқу орындары мен мекемелерінде алғашқы профилактика жүргізу жұмыстарына қатысады.

Курста «Ментальды медицина» ғылыми үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірменің резидент мүшелері ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық курстарға қатысып, халықаралық ғылыми конференцияларда баяндама

Қазіргі уақытта курста резиденттермен бірлесіп, эпилепсиямен ауыратын науқастардың когнитивті қызметтерінің деңгейі зерттелуде.

Психиатрия және наркология курсы Орынбор мемлекеттік медицина университетінің психиатрия, наркология, психотерапия және клиникалық психология кафедрасымен және психиатрия, медициналық психология кафедрасымен және В.И. Разумовский атындағы Саратов мемлекеттік медициналық университетінің психиатрия, наркология, психотерапия және клиникалық психология кафедрасымен тығыз байланыста.



Назарларыңызға рахмет

